

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Қазақстан – Орта Азия мемлекеттерінің ішіндегі аумағы 2,7 млн шаршы км алып жатқан ірі мемлекеттердің бірі. Өткенге үңіліп қарасақ, осы орасан зор мемлекетіміздің тарихы өте бай.

Қазақ ұлтының басынан кешкен қаралы күндер мен саяси оқиғаларының себепкері азаттық үшін күрес болатын. Арғысы ғұн мен сақ, арғын мен қыпшақ заманындағы шапқыншылық жорықтары, бергісі маңғол және жоңғар соғыстарындағы отан үшін болған ерліктері, жұт, көк байрағын желбіретіп, айдаһардың азуына түсіп қалмай, өзіндік өре-өрісін тауып отаршылдық пен кеңес дәуірінің ақтаңдақтары, шерлі желтоқсанға дейін шертілген елдік пен бостандық шежіресі қазақ елінің бірлігі мен берекесін сақтап қалған болатын. Демек қазақ халқы ертеден батыр әрі көреген ел. Қара шаңырақ үшін мың өліп мың тірілген қаһарлы ұлт.

1991 жылы желтоқсан айында Қазақстан тәуелсіздігін жариялап, айды аспаннан шығарғаны мәлім. Демек жер шарының геосаяси картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Қазақстан тек қазақтардың ғана емес, көп ұлтты елдің Отаны. Бүгінде жиырма жасқа толған Қазақстан мемлекеті тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сара басшылығының, кеме көшбасшы-көрегендігінің арқасында көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Еліміздің келешек бағдарын айқындаған «Қазақстан-2030» стратегиясы жарқын болашаққа негіз қалап, кенжелеп қалған кейбір тұстарымыздың қайта өрлеуіне жол ашты. Мәдени мұра бағдарламасының аясында өшкеніміз жанып, өркениетті таңымыз атты.



білім мен дінді уағыздады. Дегенмен де мақсат бір болғанымен, оған жетудің жолдары әр алуан болатын. Сондықтан да «Алаш» партиясы құрылғандағы қазақ зиялыларының саяси ұстанымы бір арнаға түйіскен жоқ. Қ. Кемеңгерұлының сөзімен айтар болсақ: «Қазақ оқығандарының арасында екі ағым ашық айырылды: бірі (Әлихан тобы) Құнбатыс мәдениетін жастанып, пәнісләмизм рухынан аулақ қазақ ұлтын жасамақшы болды. Екіншісі ісләм дүниесінен қол үзбей, қазақты ісләм туының астына жимақшы болды». Демек Мәшһүр-Жүсіптің нақты бір партияны қолдамағаны да осыдан болса керек. Себебі ол өзінің «партия хақында» деген өлеңінде: «Көрініс, екі жақтан, топ көбейтіп, дау-жанжал, жанып тұрған шоқ көбейтіп,...», - деп, қарапайым халықтың білімсіздігінің арқасында ағайын-туыс партияға бөлініп, ауылдарда дау-жанжалдың өршіп тұрғанын сынға алады.

Жүсіп құнарлы жерлердің біртіндеп қолды болып кетіп жатқанына қынжылыс білдіреді. Мәшһүр-Жүсіп: «Біздің қазақ бұл Сарыарқаға ие болғаны Абылай хан заманынан аз-ақ ілгері. Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ», деп тарихтан сөз қозғай отыра елінің жүрегінде патриоттық сезімді оятуды мақсат тұтса керек.

1940 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті хрестоматиясына» Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» еңсе, осы жылы Мәскеуден жарық көрген «Дала әні» атты қазақ поэзиясының антологиясында бір өлеңі басылды. Сондай-ақ, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1983ж.) атты кітапқа бірнеше өлеңдері енді (құрастырушылар Т. Әбіраханов, Қ. Жармағамбетов), М. Мағауиннің құрастыруымен 1978 жылы «Советский писатель» баспасынан шыққан «Поэты Казахстана» деген кітапта «Шайтанның саудасы» тағы да басылды.

Ғылым Академиясының

сін.

3. Павлодар облыстық партия комитетінің «Пазыл Жүсіпов мұғалімдік қызметтен босатылды» деген хабары қаперде ұсталсын.

•Екіншіден: 1952 жылы орын алған «Е. Бекмаханов ісі» Мәшһүртануға да көп қиындық келтірді. Осының салдарынан ұзақ жылдар көптеген ғылыми еңбектерде Мәшһүр-Жүсіптің тарихшылық көзқарасы мен қызметі мүлде қарастырылмады. Тек ат үсті қысқаша өмір баяны мен бірнеше өлеңдері ғана жарияланып тұрды.

•Үшіншіден: ғалым шығармаларының ескі араб жазуында жазылуы 1952-1991 ж. тарихшы ғалымдарымыздың Мәшһүртану бағытына үлес қоса алмауына себеп болды.

Мәшһүр-Жүсіптің ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланбада да Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1940 жылы «Мәшһүр-Жүсіп жинаған

қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күнітүні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді», - деп, Сарыарқадағы жерлердің киелілігі батырлардың ошағы және ерлік пен батырлықтың куәсі болуымен құнды екенін жазады. Сарыарқаның тарихын қысқа да болса сипаттай келе Мәшһүр-Жүсіп: «Құнбатысы – Сырдария, құншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзен. Солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда тауарихларда «Дешт-қыпшақ» атанған», - деп Сарыарқаның етеден халқымыздың қоныстанған жері екенін және оның кең байтақ екенін көрсетеді. Сарыарқа өңіріне қарасты Ұлытау, Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыстау, Баянаула мен Ерейментау киелі мекендер. Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаны жырлай отыра қазақстанның басқада аумақтарын назардан тыс қалдырмаған. Жалпы Сарыарқаның – тарихи географиялық атау екені мәлім. Сарыарқа мен Қазақ-егіз ұғым. Қыран қанатын талдырып, тұлпар тұяғын тоздырып, батыр қаруын сомдап өткен Сарыарқа талайлардың ата жұрты және киелі мекені. Себебі бұл ұлт тарихының айнасы мен сарқырамас қазынасы. Мәшһүр-Жүсіп – Сарыарқадағы елеулі уақиғалардың күегерлері болған жер-су аттарының шығу тарихын төмендегідей сипаттайды:

•«Жасыбай асуы» - Жасыбай батырдың қалмақпен соғыста қазы тапқан жері.

•«Қалмақ қыпған» - Олжабай

қаза бағдарламасының аясында өшкеніміз жанып, өркениетті таңымыз атты.

Қазақстан Республикасының қазіргі заманда дамуында болып жатқан терең және түбегейлі өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық жақтарын қамтып отырғаны белгілі. Солардың қатарында өліміздің қоғамдық ғылымдары, оның ішінде отандық тарих сияқты маңызды саласы да тұр.

Бүгінгі таңда отандық тарих ғылымдарының алдында тереңдете зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндіктер ашылып отыр. Бұрынғы өміршіл жүйе кезеңінде әр түрлі себептермен жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берілмей келген, маңызды мәселер енді ұлттық көзқарастар тұрғысынан, объективтілік негізінде зерттелене бастады. Осы орайда Қазақстан тарихы саласында жеке тұлғалар тұрғысынан зерттеулердің тарихи ақтаңдақтарды жоюда ролі зор екенін айтқымыз келеді. Аталмыш зерттеулер аясында Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлын отандық тарихтағы дара тұлға деп атап көрсетуге болады. Мәшһүр-Жүсіп сусындаған халық ауыз әдебиеті - терең философиялық және ұлттық құндылықтардың, көне өркениеттің түп тамырын екені ақиқат.

Кеңестік дәуірде Қазақстан тарихы таптық тұрғыдан зерттеліп, түсіндіріліп келеді. Ұлы Қазан төңкерісіне дейін қазаққа жазушы болмаған, ауыз әдебиеті үлгілерімен ғана өмір сүрген деген тектес ой-тұжырымдар жасалды. Тек өліміз тәуелсіздікке ие болған соң ғана тарих тозаңында көміліп жатқан асыл қазынамыз жарқырап көрінді. Бұған дейін беймәлім немесе толық айтылмай келген, даналарымыздың өмірімен және еңбектерімен жете танысуға мүмкіндік туды. Шындығына саясақ Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының есімі мүлде атаусыз қалған жоқ. Алайда оқулықтарда сирек. Жалпылама түрде ғана аталып келді.

Қазақ зиялылары өздері өмір сүрген ортасымен елеуметтік өмір шындығын және қарапайым елдің тұрмыс-тіршілігін жырға қосып,

білімнің тарихына қатынастырушы партияға бөлініп, ауылдарда дау-жанжалдың өршіп тұрғанын сыңға алады.

1927 жылы Ж. Аймауытовтың Мәшһүр-Жүсіпке жазған хатында: «Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде» деп, - Мәшһүр-Жүсіптің қазақ қоғамындағы саяси-экономикалық шиеленістің себептерін шыншылдықпен көрсете білуі мен қарапайым қазақ шаруасының тыныс-тіршілігін жазса отырып, қазақ қоғамының аяқ алысын сипаттап отырғанына орынды баға береді. Жүсіпбектің «арманыңыз алыстағы өткен өмірде» деуі, Мәшһүр-Жүсіптің ата-бабаларымыз салып кеткен сара жолмен жүруді уағыздағанын танытып тұрғандай. Себебі ақын білімсіз елдің болашағы күңгірт екенін ерте түсінген қоғам қайраткері.

Алаш орда қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Б.Қаратаев, М.Шоқаев, т.б. секілді бодандықтан шығар жол іздеді. Мәшһүр-Жүсіп: «Кеңшілік ойлай берсең келе жатыр, Сахараның көшіп жүрген даласына», деп жырласа енді бірде: «өзгеріп бұдан кейін заман болар», - деп уақыт тынысының өзгеріп жаңа қоғамның келе жатқанын ескертті.

«Айырылған біздің қазақ Есілінен ...»,

«Айырылды біздің қазақ Нұрасынан ...», - деп Мәшһүр-Жүсіп қазақтардың ең шұрайлы деген жерлерінен айрылғанын, әсіресе Столыпин реформасы кезінде орасан зор зорлық-зомбылықты бастан кешкенін баядап береді. Ата-бабамыздан аманат болып жеткен жер, қазақ халқының көшпелі өмір салтының негізі екенін тілге тиек етіп: «Күнбатысы - Сырдария, күншығысы - ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі - Жетісу, солтүстігі - Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадимде Дешт-қыпшақ аталған қыпшақ жұртының қонысы еді», деп, Мәшһүр-

ген кітапта «Шайтанның саудасы» тағы да басылды.

Ғылым Академиясының қорында жатқан еңбектермен танысу қияметтің күші болатын. 1959 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарында оқытылып, ақын шығармашылығы жөнінде жылы лебіздер баспасөз бетінде жиі жарияланып айтылып келсе де Мәшһүр Жүсіп шығармашылығының кітап болып шығуының кешегішеуіне 1940-шы жылдан бастау алып, 1952-1953 жылдарға дейін жалғасын тапқан, қате көзқарастардың салқыны себеп болғаны сөзсіз. Нақтырақ айтар болсақ:

«Біріншіден: Ақын шығармашылығына тұрпайы социология тұрғысынан қарап, бұрмалаушылық пен бір жүйеде жазу салдарынан аққа қара бояу жағылған тұста Мәшһүр Жүсіптің есімі де нысанаға алынып, С. Мұқановтың «Абайдың шәкірттері туралы» баяндамасы мен М. Ғабдуллиннің «Діншіл, ұлтшыл М. Көпеев туралы» еңбегі жарияланды. Бұған Қазақстан КПОК-ісінің төмендегі қаулысы себеп болғаны мәлім:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің әдеби шығармаларына буржуазиялық ұлтшылдық пен діни мистицизм рухы орын алып және оның осы кезге дейін елеулі сыңға алынбауына байланысты Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті Қонаев жолдасқа Академияның ғылыми қызметкерлерінің атсалысуымен Жүсіп Көпеевтің әдеби қызметіндегі реакциялық бағытты әшкерелейтін материалдар әзірлеп, республикалық басылым беттерінде жариялау жүктелсін.

2. Павлодар облыстық партия комитетіне, жергілікті бұқараға Жүсіп Көпеевтің әдебиеттегі көзқарасы реакциялық, діни бағытта болғанын, ал оның молдасын өзінің ұлы Пазыл Жүсіпов пен молда-мезіндер дін ытынын таратуға пайдаланып отырғанын кеңінен түсіндіріп, ғылыми-жаратылыс және дінге деген қарсы үгіт-насихат жұмыстарын күшейту міндеттел-

ді аса жоғары бағаланады да Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1940 жылы «Мәшһүр-Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы», - деп жазса, Е.Бекмаханов пен К. Кемеңгеров, Ш. Шокін өз еңбектерінде Мәшһүр-Жүсіп мұраларын сараптап келе, отандық тарихтың шамшырағы екенін баса айтады. Ал М.Қ.Әбусейтова, Х. Әбжанов, С. Көпеев, Ж.О.Артықбаев, М.Алпысбесұлы, Л.Қ.Жүсіпова, Е.Қ. Жүсіпов т.б. отандық тарихшылар тарихи өзектілігі мен деректік құндылығын мойындап, жоғары баға берген болатын. Еліміздің егемендік алуымен ақын қолжазбаларын зерттеп, кітап етіп шығару ісі шындап қолға алынды. Жалпы «мәшһұртану» - деген ғылыми ұғым қалыптасты. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің ректоры Е.Арынның басшылығымен Мәшһұртану ғылыми - практикалық орталығы құрылып, ақынның мол мұрасын зерттеп, ғылыми айналымға енгізу мәселесі түпкілікті шешімін тапты.

Көкірегі ояу, білімі мол адам өзі өмір сүріп отырған қоғам құбылыстарына би жай қарамасы анық. Мәшһүр-Жүсіп патшаның жүргізіп отырған саясатын аңдап отырды. Алғашында халыққа жақсылық сияқты көрінген манифесттің түп-тамырында айлакерліктің жатқанын сезген Мәшһүр-Жүсіп халықты алданбауға ал зиялы қауымды ортақтасып іс істеуге шақырып, өмірдің ақиқатын баспа сөз бетінде ашына жазады. Осының өзі ақынның халқы үшін басын қатерге тігетін қайраткер екенін айқын көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп тәуелсіздік шежіресін саралай келе «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде жер су аттарының шығу тегіне тоқтала келе, жердің бабаларымыздан аманат болып жеткенін ескертті. Бұл Сарыарқадағы жер аты-бөрі қазақтың ата-бабасының аттары екенін баяндай отыра, алаш азаматтары мен көкірегі сергек ел ақылдыларына ой салады. Мәшһүр-Жүсіп: «... Бұл

батырдың қалмақпен басын қаза тапқан жері.

• «Қалмақ қырған» - Олжабай батырдың қалмақты қырған жері.

• «Жалаңтөс асуы» - Олжабайдың қалмақ заманында қоныс қылып, қыстаған жері.

• «Шойынды көл» - Олжабайдан қашқан қалмақтар ыдыс-аяқтарын бір жерге жинап тастап кеткен. Содан әр кім бір нәрсе тауып, солдай атап кеткен.

• «Баянаула» - Сарыбайдың жалғыз қызы Баян сұлудың туған жері Баянаула тауы екен Сондықтан да тау аты «Баянаула» аталып калған.

• «Қарқаралы-Қазылық» - Осы қыздың қарқарасы түсіп қалған жеріді осылай атап кеткен.

• «Домбыралы», «Моншақлы» - Домбырасы мен бет моншағы түсіп қалған жері.

• «Тоқырауын», «Жамшылы» - Жамшысы түсіп қалған жері.

• «Алтынсандық», «Ақшатау» - Сандығы түсіп қалған жер.

• «Өлеңті» - Өлең айтып, той қылған жері.

• «Жауырбұғы» - Аттарының шідері түсіп қалған жер.

Демек жер-су аттары ел тарихымен тығыз байланысты. Мәшһүр-Жүсіп: «Бұл Сарыарқа біздің қазақ атасының құны болып, олжа болып еді. Біреу біреуге: «соңымнан қалмастай, атаңның құны бар ма еді?!», - деп жазады. Ақиқаты сол болса керек.

Баянаула өлкесінің сұлу табиғатының кіндік ортасы - Баянаула тауларының жоталар аймағы. Жасыл орманға беленген көгілдір биіктау қиялары, күмістей мөлдір көлдері, жұпар иісі аңқыған гүл жамылған алаңдары, жидекті-жемісті табиғи баққа толы сай-салалары, сарқырап аққан бұлақтары, таңғажайып жаратылған жартастары мен тау шыңдары, самал ауасы жанға бояған бұл таулы алқапты халық ежелден Сарыарқаның «Жер ұйығы» атаса, қазірде Қазақстанның «Швейцариясы» атанды.

Әсет ПАЗЫЛОВ
«Мәшһүр-Жүсіп» мұражайы